

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері
авиациясының ұшуларын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі
шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 121-II

Мәскеуде 2000 жылғы 25 қаңтарда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері авиациясының ұшуларын
аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық
ақпаратпен қамтамасыз ету туралы
ШАРТ

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттердің үкіметтері атынан, бұдан әрі -
Тараптар,
1992 жылғы 15 мамырдағы әуе кеңістігін пайдалану туралы
мемлекетаралық Келісімді басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері
авиациясының Тараптардың әуе кеңістігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету
қажеттігін негізге ала отырып,

Тараптар қарулы күштерінің авиациясы үшін аэронавигациялық ақпарат
құжаттарын әзірлеуді және шығаруды тәртіпке келтіруге ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы шарт жасасты:

Осы Шарттың мақсаттары үшін төменде көрсетілген терминдер мынаны білдіреді:

аэронавигациялық деректер - әуеайлақтардың сипаттамаларына және нақтылы жағдайына қатысты әуеайлақтар (әуе жүйелері) туралы, әуеайлақтар ауданындағы әуе қозғалысының тәртібі, әуе трассалары және олардың радио-электронды бұйымдармен жабдықталуы туралы мәліметтер, сондай-ақ ұшуды ұйымдастыру, орындау және басқару үшін қажетті басқа да мәліметтер;

аэронавигациялық ақпарат - аэронавигациялық деректер беру (хабарлау);

аэронавигациялық ақпарат құжаттары - құрамында аэронавигациялық деректер бар баспа өнімдері (жинақтар, тізімдер, карталар және т.б.);

ұшуды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету - аэронавигациялық деректерді уақтылы беру (алмасу) жөнінде Тараптар жүргізетін шаралар кешені;

аэронавигациялық ақпарат органы - Тараптардың қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық деректермен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Тарап қорғаныс министрлігінің органы (орталығы, қызмет бөлімі, тобы).

2-бап

Тараптардың қарулы күштері авиациясының олардың аумағы үстінен, сондай-ақ олар әуе кеңістігін пайдаланғаны үшін жауапты олардың аумақтарынан шеткері орналасқан аудандардың үстінен ұшуын қамтамасыз ету үшін Тараптар анық аэронавигациялық деректерді бір-біріне уақтылы беріп отыруға міндеттенеді.

3-бап

Аэронавигациялық ақпарат құжаттарын әр Тарап Тараптардың қорғаныс

министрліктері арасында жасалатын шарттар негізінде аэронавигациялық ақпарат органына береді.

4-бап

Тараптардың қарулы күштері авиациясының ұшуы үшін аэронавигациялық ақпарат құжаттарын шығаруды Тараптардың қорғаныс министрліктері, олардың арасындағы екі жақты шарттар негізінде жүзеге асырады.

5-бап

Осы Шарттың ережелерін іске асыру мәселелерін келісуді Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қорғаныс министрлерінің Кеңесіне жүктейді.

Тараптардың қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету тәртібі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қорғаныс министрлерінің Кеңесі бекітетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету туралы ережемен анықталады.

6-бап

Ұлттық заңдарға сәйкес Тараптар ынтымақтастық барысында алынатын, мемлекеттік және әскери құпиясы бар ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді.

Ынтымақтастық процесінде алынатын ақпарат Тараптарға залал келтіретіндей жағдайда қолданылмайды.

7-бап

Ынтымақтастық процесінде алынатын аэронавигациялық ақпарат Тараптарға залал келтіретін жағдайда қолданылмайды. Тараптар алынған аэронавигациялық деректерді, ақпаратты және құжаттарды ол деректерді беретін Тараптардың алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз осы Шартқа қатысушы болып табылмайтын

мемлекеттерге, соның ішінде шетелдік жеке, заңды тұлғаларға немесе халықаралық ұйымдарға сатпайды немесе бермейді.

8-бап

Осы Шарт шеңберінде аэронавигациялық ақпарат құжаттарын беру туралы Тараптардың шарттық міндеттерін орындауы қосылған құн салығынан, кедендік алымдар мен төлемдерден босатылады.

9-бап

Аэронавигациялық деректер алмасу, сондай-ақ аэронавигациялық ақпарат құжаттарын дайындау орыс тілінде жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Шарт оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағандықтары туралы үшінші жазбаша хабарламасы сақтау үшін депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін ол тиісті құжаттар депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

11-бап

Осы Шартқа Тараптардың жалпы келісімімен жеке хаттамалармен ресімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Шартты қолдануға немесе талқылауға байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялар мен келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі.

13-бап

Осы Шарт күшіне енген күнінен бастап 10 жыл бойы қолданылады. Бұл мерзімді уақыты біткен соң, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, Шарттың мерзімі келесі бес жылдық мерзімге өздігінен ұзартылады.

Әр Тарап депозитарийге жазбаша хабарлау арқылы осы Шарттан шыға алады.

Осы Шарттың мұндай қатысушы мемлекеттері үшін Шарттың күші оның қолданылуы кезінде туындаған қаржы және басқа міндеттемелер реттелген жағдайда, депозитарий жазбаша хабарламаны алған күннен бастап бір жыл өткен соң тоқтатылады.

14-бап

Осы Шарт оған қосылатындықтары туралы құжаттарын депозитарийге тапсыру арқылы оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасының	Молдова Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Армения Республикасының	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының	Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Грузияның	Түрікменстанның
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының	Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының	Украина Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының өзгеше пікірі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету туралы шарт туралы.

Шарттың 8-ші бабынан басқа.

Осы арқылы ұсынылып отырған бұл мәтін 2000 жылғы 25 қаңтарда Мәскеу

қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері авиациясының ұшуын аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету туралы шарттың түпнұсқасымен бірдей екендігін куәландырамын. Жоғарыда аталған Шарттың түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақтаулы.

Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығының Атқару комитеті
Төрағасының орынбасары -
Атқарушы хатшысы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.